«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Бахадүр көшесі, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

120008, город Кызылорда, улица Жалантос Бахадура, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

_____ № _____

«Студенттік жастардың еңбек жасақтары облыстық штабы »
ҚБ - нің төрағасы Г. Тойманға

Қызылорда қаласы,
Әбілхайыр хан көшесі № 28

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (*әрі қарай - Департамент*) 2018 жылғы 24 тамыздағы № 21182 электронды түрде келген Сіздің «Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (*әрі қарай - Ұйымдастырушы*) ұйымдастырылған «Жастарға патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру» сатып алу бойынша № 2744954-1 электронды конкурсының нәтижесіне келіспеушілік білдірген шағымыңызға төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» № 648 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың (бұдан әрі- Қағидалар) 150 - тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы конкурсқа қатысуға жібермеуге негіз бола алады.

Әлеуетті өнім беруші «Кәусар» мамандар орталығы» ҚБ-нің мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы мәліметтер бойынша конкурстық құжаттамаға ұсынған өтінімін қарау барысында аталған әлеуетті өнім берушінің ұсынған техникалық ерекшелігі тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне сәйкес ұсынылғандығы анықталды.

Тапсырыс беруші Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы конкурстық құжаттамадағы техникалық ерекшелігінде «Азаматтық белсенділікті көтеру мақсатында Ұлы Отан, Ауған соғысы ардагерлері мен танымал спортшылардың жастармен кездесуін ұйымдастыру» бойынша 7-ден кем емес, **қала және барлық <u>аудандарды қамту</u>**, әр шараға 30-дан кем емес қатысушыларды тарту, фотоматериалдар, қатысушылардың кем дегенде 3 пікірі, қорытындысы бойынша әлеуметтік желілерде және БАҚ-да жариялау және қызмет көрсету орны ретінде Қызылорда облысы көзделген.

Конкурс жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім беруші «Кәусар» мамандар орталығы» ҚБ- нің 2018 жылға арналған жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру бойынша сатып алынатын қызметтердің егжей тегжейді іс-шаралар жоспарында «Азаматтық белсенділікті көтеру мақсатында Ұлы Отан, Ауған соғысы ардагерлері мен танымал спортшылардың жастармен кездесуін ұйымдастыру» бойынша **7-ден кем емес, қала және барлық аудандарды қамту**, әр шараға 30-дан кем емес қатысушыларды тарту, фотоматериалдар, қатысушылардың кем дегенде 3 пікірі, қорытындысы бойынша әлеуметтік желілерде және БАҚ-да жариялау көзделген. Қызмет көрсету орны 2018 жыл, Қызылорда облысы, Мауленов көшесі 29 үй деп көрсетілген және қосымша шара ретінде «Елім - еңсем көтерген» тақырыбында шығармалар байқауын ұйымдастыру қарастырылған.

Яғни, әлеуетті өнім беруші «Кәусар» мамандар орталығы» ҚБ- і тарапынан тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген талаптарға сәйкес толық келісетіндігін көрсетіп отыр.

Осымен қоса, тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде 5 күн бұрын өткізілетін шараның уақыты, **орны**, мақсаты, бағдарламасы, сценарийі қатысушылардың сапалық құрамы, лекторлар мен кеңес берушілер туралы толық мәлімет (аты-жөні, қызметі, дипломдары мен сертификаттары) қамтылған қызметтік хат ұсынып, тапсырыс беруішінің келісімін алу көзделген.

Қағидалардың техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары бойынша 12 - қосымшасының 3 - бөліміне сәйкес тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) бойынша тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтымауына байланысты - 0 балл, тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтуына байланысты - 3 балл, тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды қарастырады, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттауына байланысты – 6 балл белгіленген.

Конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Кәусар» мамандар орталығы» ҚБ - не Қағидалардың 12 - қосымшаның 3 - бөліміне сәйкес 6 - балл берілген.

Конкурстың 2018 жылдың 16 тамызындағы № 2426451 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен № 2744954-ГСЗ1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманың нәтижесі бойынша әлеуетті өнім беруші «Кәусар» мамандар орталығы» ҚБ - і ұсынған бағасы 1 456 000 теңге, «Студенттік жастардың еңбек жасақтары облыстық штабы» ҚБ-і ұсынған бағасы 1 949 999 теңге, яғни әлеуетті өнім беруші «Кәусар» мамандар орталығы» ҚБ-нің Қағидалардың 12 - қосымшаның 3 -

бөліміне сәйкес 0 - балл есептелгенімен, ұсынылған баға ұсыныстары бойынша конкурстың қорытынды нәтижесіне әсерін тигізбейді.

Осыған орай, Департамент Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппағандықтан конкурстың нәтижесін қайта қарауға негіз жоқ екендігін хабарлайды.

Көрсетілген жауаппен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Департамент басшысы **Ғ. Қалиев**

орын: М. Есенбаев
тел: 233809